

21.03.2003 ж. N 1623 Әділет басқармасында тіркелген, 14.02.2003 ж. N 25/4 " Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлем көрсету Ережесін бекіту туралы" аудандық мәслихат шешіміне қосымшалар мен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Атбасар аудандық мәслихатының 2004 жылғы 21 қаңтардағы N С-7/4 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2004 жылғы 30 қаңтарда N 2258 тіркелді. Күші жойылды - Атбасар аудандық мәслихатының 2009 жылғы 27 сәуірдегі № 4С-17/7 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Атбасар аудандық мәслихатының 2009.04.27 № 4С-17/7 шешімімен

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6 бабы, 11 тарауына, Қазақстан Республикасының "Бюджеттік жүйе туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 7.04.1999 ж. N 374-1 "Азаматтардың жеке санаттарына жеңілдіктер беру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының кейбір заңды актілеріне толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы" Атбасар аудандық мәслихаты

Ш Е Ш І М

Е Т Т І :

1. 21.03.2003 ж. N 1623 Әділет басқармасында тіркелген/, 09.07.2003 ж. N 1916 тіркелген, 08.07.2003 ж. N 28/2 аудандық мәслихат шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген/ 14.02.2003 ж. N 25/4 "Азаматтардың жеке санатына әлеуметтік төлем көрсету Ережесін бекіту туралы" аудандық мәслихат шешіміне келесідей қосымшалар мен толықтырулар енгізу.

1) 4 тарауының 2 тармақшасында 1-азат жолында сөздермен толықтыру: "сол сияқты мерекелік даталарға азаматтардың жеке санаттары"

2) 4 тарауының 2 тармақшасында 3-азат жолында "кедейлік сызығынан төмен" сөздерін "Тіршілік минимумынан төмен" сөздеріне ауыстыру.

3) 4 тарауының 2 тармақшасында келесі мазмұндағы 5 азат жолымен толықтыру: Мерекелік даталарына әлеуметтік төлемді келесі азаматтар санатына жүзеге асыру.

- Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектеріне, Совет Армиясы, Ауған мүгедектеріне, АЭС Чернобыль мүгедектеріне, соғыста қаза болған соғысқа қатысушылардың жесірлеріне, Ауғанстанда әскери қызметте қаза болғандардың отбасына (ата-анасына, балаларына, жұбайына егер екінші рет некеге отырмаған болса), фашист концлагерінің тұтқындарына, тыл еңбеккерлеріне.

4) 4 тарау 11 тармақты келесі мазмұнмен толықтыру: әр нақты жағдайда төлем көлемі комиссиямен анықталады:
Ең жоғарғы көлемі 5000 теңгеден жоғары болмау керек.

Нақты ереженің 2 тарауымен қарастырған жағдайда төлем көлемі көбеюі мүмкін, бірақ, 15000 теңгеден аспау керек.

5) 4 тарауды келесі мазмұндағы 13 тармақпен толықтыру:

Мерекелік даталарға әлеуметтік төлем өтінішсіз тұлғалардың көрсетілген пункттегі есеп айыру есебіне қаржы аудару жолымен Атбасар ЗТМО (зейнетақы төлеу мемлекеттік орталық) келісілген тізімге келісілді жүзеге асырылады.

- Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектеріне 2000 теңге бір адамға .

- Совет Армиясы, Ауған мүгедектеріне, АЭС Чернобыль мүгедектеріне, соғыста қаза болған соғысқа қатысушылардың жесірлеріне, Ауғанстанда әскери қызметте қаза болғандардың (ата-анасына, балаларына, жұбайына егер екінші рет некеге отырмаған болса), фашист концлагерінің тұтқындарына 1000 теңге.

- Тыл еңбеккерлеріне 1100 теңгеден.

6) 4 тарауды 14 тармақпен келесі мазмұнда толықтыру:

Мүгедектер күніне барлық мүгедектерге қосымша көмек, кірістен тәуелсіз, өтінішсіз есеп айыру есебіне қаржы аудару жолымен Атбасар ЗТМО (зейнетақы төлеу мемлекеттік орталық) келісілген тізімге келісілді жүзеге асырылады:

- 1, 2 топ мүгедектеріне бір адамға 1500 теңгеден

- 3 топ мүгедектеріне - бір адамға 1000 теңгеден

- 16 жасқа дейін мүгедек балаларға - бір адамға 900 теңгеден

2. 14.02.2003 ж. N№25/4 Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлем көрсету Ережесін бекіту туралы"»Атбасар аудандық мәслихат шешіміне қосымша нақты шешімнің қосымшасына келісілді жаңа редакцияға баяндау.

3. Нақты шешім Ақмола облысының әділет департаментінде тіркеген күннен бастап заңды күшіне енеді.

С е с с и я т ө р а ғ а с ы

Атбасар аудандық мәслихат хатшысы

қ о с ы м ш а

Атбасар аудандық

мәслихаттың

2004 жылғы

21

қаңтардағы

N 7/4 шешімімен бекітілген

**Азаматтардың жеке санаттарына
әлеуметтік төлем ақы көрсету
ЕРЕЖЕСІ**

1. Жалпы ереже

1. Азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлем көрсету нақты ережесі (әрі қарай Ереже) 258.51 "Жергілікті өкілетті органдар шешімі бойынша азаматтардың жеке санаттарына әлеуметтік төлем ақы" бюджеттік бағдарламасы бойынша төлем ақы ұйымдастыру тәртібін бекітеді.

2. Ережені қабылдау үшін құқықтық негіз Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" және "Бюджеттік жүйе туралы" Заңдары болып табылады.

3. Ереже әрекеті Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік әлеуметтік көмек туралы" Заңымен реттелетін қатынасқа таратылмайды.

2. Төлем ақы алуға құқысы

4. Әлеуметтік төлем ақысын алуға төмен қамтылған, төменгі тіршіліктен аз кірісі бар немесе шұғыл әлеуметтік көмек қажет ететін нақты жағдай күшінде отбасыларының (азаматтар) құқысы бар, сол сияқты мерекелік даталарға жеке а з а м а т т а р с а н а т ы .

Тіршіліктегі қиын жағдайлар болып табылады:

Құрт және онкологиялық ауруының ұзақ уақыт емделуі, отбасы мүшесінің біреуінің қайтыс болуы, жедел операция жасау қажеттігі.

Әлеуметтік көмек құқысына төмен қамтылған азаматтар егер орташа жан басына шаққанда отбасының кіріс жиынтығы бекітілген кедейлік шегінен төмен б о л ғ а н д а .

Төлемақы облыстық медициналық мекемелеріне тексерілуге жолдаған ауруды жол шығынының орнын өтеуге, төмен қамтылған азаматтарды құжаттандыруға, төмен қамтылған мүгедек азаматтарға, 16 жасқа дейінгі мүгедек

балаларға, сол сияқты мерекелік даталарға азаматтардың жеке санаттарына б е р і л е д і .

Мерекелік даталарға әлеуметтік төлем келесі азаматтардың жеке санаттарына ж ү з е г е а с ы р ы л а д ы :

- Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектеріне Совет Армиясы, Ауған мүгедектеріне, АЭС Чернобыль мүгедектеріне, соғыста қаза болған соғысқа қатысушылардың жесірлеріне, Ауғанстанда әскери қызметте қаза болғандардың отбасына (ата-аналарына, балаларына, екінші рет некеге тұрмаған жұбайларына), фашист концлагерінің тұтқындарына, тыл еңбеккерлеріне.

3. Төлемақы бойынша жұмыс ұйымдастыру

5. Төлем ақы бойынша жұмыс ұйымдастыру мақсатында, қаланың және ауданның қоғамдық ұйымдар мүшелерінен, аудандық еңбек, жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі өкілдерінен ведомствоаралық учаскелік комиссия құрылды.

Сандық және арнайы комиссия құрамы Атбасар қаласының және селолық округтер әкімдерінің шешімімен бекітіледі.

Аудандық еңбек, еңбекпен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімінің жанында бір айда бір рет комиссия отырысы өтеді.

6. Комиссияның негізгі міндеті болып табылады:

- 1) Әлеуметтік көмек көрсету туралы азаматтар үндеулерін қарастыру
- 2) Көмекке келген азаматтар отбасыларының қамтылған деңгейі және әлеуметтік тұрмыс жағдайын тексеру.
- 3) әлеуметтік көмек көрсетуді белгілеу және бас тарту туралы шешім қабылдау.

4. Көмек көрсетудің көлемі және тәртібі

7. Төлемақы облыстық медициналық мекемелеріне тексерілуге жолдаған ауруды жол шығынының орнын өтеуге, төмен қамтылған азаматтарға, ақшалай жылына бір рет беріледі.

Әлеуметтік көмек талап еткен тұлға, аудандық еңбек, еңбекпен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөліміне өтініш береді.

Өтінішке келесі құжаттар тіркеледі:

- 1) жеке куәлігі немесе паспорты
- 2) облыстық емханаға тексерілуге жолдаған, құжатқа қол қоюшы қызмет тұлғасының толық атауы, жеке қолы және толық жазу, көрсетілген аудандық емхананың жолдауы. Қызметтік тұлғасының қолы таңбалық мөрмен расталуы керек.

Әлеуметтік көмек бір адамға бір мың теңге көлемінде көрсетіледі.

8. Төмен қамтылған азаматтарды, және тұрақты тұратын жері жоқ тұлғаларды құжаттандыруға әлеуметтік төлемақы ақшалай қаржы жеке куәлігін рәсімдеуді және беруді жүзеге асыратын ұйымдардың есеп айыру есебіне аудару жолымен жүзеге асырылады.

Материалдық көмек жеке өтініш және өтініш берушінің немесе отбасының материалдық тұрмыстық жағдайын тексеру актісі негізінде төленеді.

Әлеуметтік көмек бір айлық есеп айыру көрсеткішіне дейінгі көлемінде көрсетіледі.

9. Әлеуметтік көмек төмен қамтылған азаматтарға, мүгедектерге, 16 жасқа дейінгі мүгедек балаларға ақшалай жылына бір рет отбасы мүшесінің (азамат)

б і р е у і н е

б е р і л е д і .

Материалдық көмек алуға талап еткен тұлға аудандық еңбек, еңбекпен қамту және әлеуметтік қорғау бөліміне өтініш береді, өтінішке келесі құжаттар т і р к е л е д і :

1. Жеке куәлігі, паспорт, СИК, РНН
 2. Тұратын жері және отбасының құрамы туралы анықтамалар
 3. Отбасының материалдық-тұрмыс жағдайын тексеру актісі
 4. Өткен тоқсандағы кіріс туралы анықтама
10. Материалдық көмек көлемі 16 жасына дейінгі мүгедек балаларға 5 айлық есеп айыру көрсеткіші көлемімен, төмен қамтылған азаматтар үшін 3 айлық есеп айыру көрсеткіші көлемімен бекітіледі.
11. Төлем көлемі әр нақты жағдайда комиссиямен анықталады. Ең жоғарғы көлемі 5000 теңгеден жоғары болмау керек. Нақты ереженің 2 тарауымен қарастырған жағдайда төле көлемі көбеюі мүмкін, бірақ, 15000 теңгеден аспау керек.
12. Төлем ақы өтініш берушінің тұлғалық есебіне қаржыны аудару жолымен жүзеге асырылады.
13. Мерекелік даталарға әлеуметтік төлем өтінішсіз тұлғалардың көрсетілген пункттегі есеп айыру есебіне қаржы аудару жолымен Атбасар зейнетақы төлеу Мемлекеттік Орталығы бөлімімен келісілген тізімге келісілді жүзеге асырылады. Ұлы Отан соғысына қатысушыларға және мүгедектеріне 2000 теңге бір адамға .

Совет Армиясы, Ауған мүгедектеріне, АЭС Чернобыль мүгедектеріне, соғыста қаза болған соғысқа қатысушылардың жесірлеріне, Ауғанстанда әскери қызметте қаза болғандардың (ата- анасына, балаларына, жұбайларына егер екінші рет некеге отырмаған болса), фашист концлагерінің тұтқындарына 1000 теңге, тыл еңбеккерлеріне 1100 теңгеден .

14. Мүгедектер күніне барлық мүгедектерге қосымша көмек, кірістен тәуелсіз , өтінішсіз есеп айыру есебіне қаржы аудару жолымен Атбасар зейнетақы төлеу Мемлекеттік Орталығы бөлімімен келісілген тізімге келісілді жүзеге асырылады:

- 1, 2 топ мүгедектеріне бір адамға 1500 теңгеден
 - 3 топ мүгедектеріне - бір адамға 1000 теңгеден
- 16 жасқа дейін мүгедек балаларға - бір адамға 900 теңгеден

5. Төлем ақыны қаржыландыру

15. Әлеуметтік төлемақы бойынша шығынды қаржыландыру аудандық бюджетінде осы мақсатқа қарастырылған 258-51 "Азаматтардың жеке

санаттарына әлеуметтік төлемақы"»Бағдарлама бойынша қаржы шегінде жүргізіледі.

6. Төлемақыны жүзеге асыру тәртібі

16. Әлеуметтік төлемақы Қазақстан Республикасындағы Халық банкіндегі алушылардың тұлғалық есебіне ақшалай қаржыны аудару арқылы жүзеге асырады.

Аудандық еңбек жұмыспен қамту және халықты әлеуметтік қорғау бөлімі, 2004 жылға аудандық бюджетте осы мақсатқа қарастырылған қаржы шегінде әлеуметтік төлем ақы үшін аударуды жүргізеді, азаматтар тізімін реттейді, тізімнің растығына жауап береді.

7. Төлемақыны жүзеге асыруға бақылау

17. Әлеуметтік төлемақы көрсету бойынша есеп беру бақылау Қазақстан Республикасының "Республикалық және жергілікті бюджеттің орындалуын бақылау туралы" Заңына сәйкес жүзеге асырылады.